

## **Қазақ өнімдерін латын қарпі негізінде рәсімдеу**

Кең байтақ қазақ даласында ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарап, бүгінгі заманға жетіп отырған жер-су аттары (топонимдер) – талай дәуірдің қарт куәсі (Т.Жанұзақ). Тарихи атаулар негізінде ұрпақты тәрбиелемесек, онда ұлттық бірегейлендіруді, түптеп келгенде тілімізді, санамызды мүлде жоғалтамыз. Сана жоғалса, онда ұлт та жоғалады.

Қазақ тілі тарихи және ұлттық ерекшелігімізден ақпаратын беретін географиялық және этнографиялық реалийлерге өте бай. Бұл реалийлерді екінші тілде жеткізу үшін аялық білім болу керек, яғни жалпы ұлттық құндылықтар, тарихтан, жер бедері ерекшеліктерінен, ұлттық танымнан хабардар болу қажет.

Зерттеушілер жалпы ономастикалық лексикадан ономастикалық реалийлерге ерекше көңіл бөледі, себебі олар әркез ұлттық нақышқа ие болады. Тілде олар өмірде бар немесе ойдан қалыптасқан (шығармалардағы) нысандарды атайды. Әр атау негізінен нысанның локалды (жеке) және қай ұлтқа тән екендігі жөнінде ақпарат береді, яғни бұл нысанды тұлғаға, орынға (жерге), ұлтқа, мәдениетке т.б. қатыстылығына қарай бірегейліндіреді.

Бүгінгі күні мәдени-маркіленген бірліктің ортақ таптастырылуы жасалынбаған, зерттеушілер белгілі қағидаларға сүйене отырып, реалийлердің өзіндік таптастырылу үлгілерін ұсынады.

Аялық ақпарат мазмұнына сай, ең алдымен, тарихтың ерекше фактілерінен және ұлттық қауымдастықтың мемлекеттік құрылымынан, географиялық орта ерекшелігінен, бұрынғы және қазіргі материалды мәдениетке тән бұйымдардан, этнографиялық және фольклор ұғымдарынан т.б. – яғни реалийлерге қатысты барлық ақпарат берілуі тиіс.

Тілдік фактор еліміздің әлеуметтік өмірінде ерекше стратегиялық рөл атқарады. Мәселен, ұлттық паремия, прецедентті феномендер т.б. тілдік бірліктер халықтың ұрпақ тәрбиелеуінде маңызды болып табылады. Мысалы, жер бедері ерекшелігі мен кен байлықтары жөніндегі ақпарат тікелей тілдік бірлікте көрсетілген: *Келіншектау, Миялы, Жусанды, Аңырақай, Дегерес, Жыланды, Жыңғылды, Қарашығанақ, Жезқазған, Кентау, Текелі* т.б. Осыған байланысты тілдік бірліктер экологиялық тұрақтылықты қамсыздандыруда стратегиялық маңызды рөл атқарады. Себебі тіл табиғи орта туралы жергілікті халықтың білімі мен танымын сақтаған.

Қазақстан топонимдерінің маңызды мәселелерінің бірі – ғасырлар бойы бірнеше қабат негізінде қалыптасқан: түркі, араб, моңғол т.б., сонымен бірге екі – қазақ-орыс тілдерде беру нәтижесі екі күрделі мәселенің туындауына әкеледі. Біріншісі – айтылуы, екіншісі – жазылуы немесе атаудың графикалық берілуі. Бұл мәселелер ономаст, фонетист, картограф, IT мамандары тарапынан шешілуі қажет. Географиялық атаудың ауызша түрі хронология тарапынан алғанда алғашқы, жазбаша түрі кешірек қалыптасқан – бұл кодталуы және ауызша түрінің сақталу тәсілі, сол арқылы дыбыс тіркестерінен құжат түріне айналады.

Ауызша түрі дегенде дыбыстары дұрыс, стандартқа сай, яғни қазақи лингвистикалық қауымдастыққа тән стандарт шеңберінде айтылуы сөз болады. Біздің жағдайымызда, кеңес үкіметінің идеологиялық ықпалының әсерімен көптеген топонимдер фонетикалық та, графикалық та өзгерістерге түсті. Мәселен, *Алматы – Алма-Ата, Алматы - Алматы; Медеу – Медео – Медеу* т.б. Сонымен бірге кейбір топонимдерімізді орыс тілінде аудару мәселесі де нақтылауды талап етеді. Бұл біздің құндылықтарымызды, яғни түпкі ақпаратты жоғалтуымызға әсер етті. Осындай фактілердің, кері әсердің орын алмауы үшін және әлемдік стандартқа сай болу үшін онимдерді латын қарпімен берген дұрыс болады. Түптеп келгенде, қолданбалы топонимканың мақсаттарының бірі – халықаралық қолданысқа икемдеп, географиялық атауларды стандарттау – карталарда, атластарда және халықаралық БАҚ, Халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ) географиялық атауларды жазбаша берудің қосымша көмекші құралы болып табылады. Алайда кирилл әліпбиі негізінде жазып, одан оны қайта латын қарпімен жеткізіп, екі жұмыс жасағаннан гөрі, бірден латын қарпіне көшкен дұрыс болады, себебі екі қаріпте карта жасауға жұмсалатын қаражат үнемделеді және жоғарыда аталған мәселелер шешімін табады. Сонымен бірге кирилл қарпіне дайындалған карталарды халықаралық фонетикалық әліпбиге сай беру үшін кирилл мен латын символдарының толық сәйкестігін беретін транслитерациялық кілт болу керек. Мұнда көптеген қиындыққа тап боламыз, себебі төл дыбыстарымызды сәйкестендіріп берудің дұрыс жолдарын беретін әліпби жасауға тура келеді, бұл тағы да қаражатты талап ететін қосымша жұмыс. Әркез жаңа атау қалыптасқан

сайын немесе атау өзгертілген сайын осындай кедергіге тап боламыз.

Сонымен бірге латын қарпіне көшудің маңыздылығы БҰҰ географиялық атаулар бойынша және БҰҰ географиялық атауларды стандарттау бойынша конференцияның сарапшылар тобы латын қарпін қолданбайтын барлық елдерден келісілген, бірегей транслитерация жүйесін пайдалануды талап етіп отырғандығында. Түркі халықтарына ортақ латын қарпін дайындасақ, бұл бүкіл түркі халықтарының тығыз байланыста болуына септігін тигізер еді.

Транслитерация бір тілдегі атауды екінші тілге сол тілдің қарпімен жеткізу болса, транскрипция латын тілінен *scribe* — [жазу], топонимді бір тілден екінші тілге тек қабылдаушы тіл жазуымен беруі, яғни транслитерациядағыдай қосымша немесе арнайы әріптерге, диакритиктерге немесе басқа да маркерлерге жүгінбей екінші тіл жазуымен аудару.

Мұндай тәсілдің артықшылығы – қабылдаушы тіл оқырманы шет ел сөзін оқи алуында. Алайда атау құлаққа жағымсыз және оқырманның артикуляциялық жүйесіне жат болуы мүмкін, бірақ транслитерациялық кілтсіз-ақ атаудың түпнұсқадағы ауызша түріне жақын берілуі мүмкін.

Сонымен атауларды екінші тілде жеткізудің тиімді тәсілі ретінде транскрипция қабылдануы мүмкін. Оған ертеректе зерттеушілер мен алғашқы саяхатшылар жергілікті тұрғындардан естігенін дәл сақтау үшін жүгінген. Алайда транскрипция кері қайтаруға жатпайтын үдеріс. Бұл топоним бір тілден екінші тілге транскрипцияланғаннан кейін қайтадан түпнұсқа тілге транскрипциялануы міндетті түрде бастапқы формасын бермейді.

Бұл, әрине, түпнұсқа жүйеде транскрипцияланған формасынан картада немесе мәтінде кездескен атауды қайта қалпына келтіргісі келетіндер үшін үлкен кемшілік.

Картада берілетін топонимдер аса көңіл бөлуді талап етеді. Бұрыс немес нақты емес атаулар берілген карта – бұл қате ақпарат беретін анықтағыш. Географиялық атауларды жан-жақты зерттеу – шығу тегі, мағынасы, уәждемесі, өзгертулер, жазылуы, айтылуы т.б. – ономастика, соның ішінде топонимикада зерттеледі. Карта түзу үшін қолданылатын топонимдер картографиялық топонимика нысаны болып табылады. Оның басты мақсаты – географиялық атауларды нормалау, яғни картада пайдалану үшін міндетті болып табылатын әр географиялық атау үшін бір, тұрақты аталуын анықтау.

Топонимдер сияқты осы уақытқа дейін ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндері орыс тілінде «транслитерация» негізінде беріліп келді. Транслитерация әртүрлі графикалық жүйедегі тілдер арасында қолданылады, ол сол тілдердің әріп-

терін сәйкестендіру негізінде жасалады. Осыған сай жалқы есімдерді тіл аралық жеткізу орын алады. Алайда тәжірибе көрсеткендей, транслитерацияны қолданудың жетістіктері де кемшіліктері де бар екені бәрімізге аян. Жетістігі – жазбаша түрінде кісі есімі өзгеріссіз беріледі, ал оның иесі тілдік бірегейлендіруден тәуелсіз, әмбебап бірегейлендіруге ие болады. Кемшілігі – транслитерацияда қабылдаушы тіл ауызша жеткізуде өзінің ережелеріне басымдық береді.

Транслитерацияны қолдану туралы орыс ғалымы Д.И.Ермолович мынадай пікірді білдіреді: «Бүгінде орыс тілінде транслитерация тура мағынасында тілдік тәжірибеде қолданылмайды. Мұның себебі ағылшын, француз, неміс, венгр және басқа да тілдерде латын әліпбиіндегі көптеген әріптер өзінің дыбыстық қабатын өзгерткен немесе белгілі әріптік тіркестер мен сөздерде стандартқа сай оқылмайды. Сондықтан да орыс тілінде транслитерация сол қалпында жүргізілсе, түпнұсқада оқылуында бір-біріне ұқсамайтын кісі есімдерінің варианттары қалыптасады» [1].

Қазақ тілінде *Әйгерім*, *Айнұр*, *Мөлдір* т.б. есімдердің варианттарының қалыптасуы осындай транслитерацияның салдары.

Сонымен бірге аталған ғалым кісі есімдерінің этимологиялық сәйкестігінің сырт қалып қоятыны жөнінде пікірін айтқан: «транскрипция мен транслитерациядан басқа кісі есімдерін қабылдау мен жеткізуде аз зерттелген әдістің – этимологиялық сәйкестік әдісі немесе транспозиция байқалады [1].

Кеңес өкіметі кезінде ұлты қазақ азаматтары баланың тууы туралы куәлігіне бала есімін ауызша айтып жаздырған, ал АХАЖ бөлімінің қызметкерлері ұлттық ерекшелік, тарих, есім тағудағы уәжден бейхабар. Аялық білімі болмағандықтан және ұлты қазақ азаматтарының аты-жөндерін дұрыс беру туралы нұсқаулықтың болмауынан қате, ұлттық антропонимиконға жат кісі есімдерін жазу орын алған. Қате берілу үлгілері:

- Әріптің түсіп қалуы: Аяулым/Аяулм;
- Ы қосып жазу: Айгүл/Айгуль;
- Төл дыбыстардың орнына басқа әріп жазу: Әйгерім/Айгерим, Әйгерим, Айгерім; Нұргүл/Нургуль, Нұргуль;
- Ұлттық кісі есімдеріне жат түрлерінің қалыптасуы, яғни транспозицияның сырт қалуы: Тілеуқабыл/Телекабель;
- «а» әрпін қосып жазу: Айман /Аймана, Анар/Анара;
- дж тіркесінде беру: Жамбыл/Джамбыл/Джамбул, Жамилә/Джамилия;
- қазақ тіліндегі үлгісінде де -овна/-евна түрінде беру: Бегалықызы/Бегалиевна; т.б. Жоғарыда берілгендерді ескеретін болсақ,

2007 жылдан бері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, т.б. гуманитарлық институттардың ғалымдары тарапынан жүргізілген жұмыстардың нәтижесі ретінде жасалған қазақ-латын қарпін пайдаланып, түркі халықтарына ортақ латын әліпбиін түзіп, сол арқылы онимдерді беретін болсақ, қазіргі кезде өзекті болып тұрған бірнеше мәселелердің шешімін тапқан болар

едік. Атап айтқанда, халықаралық стандартқа сай карта, атластарда топонимдерді беру жүйесі және кісі есімдерін халықаралық стандартқа сай жүйеге енгізу мәселелері шешіледі. Төмендегі кестелер түрінде бір-екі мысалды беріп көрейік, бұл тек жоба түрінде, алдағы уақытта осы бағытта зерттеушілер тарапынан жұмыстар жүргізіледі деген сенімдеміз.

**Кесте – 1.** Топонимдерді қазақ-латын қарпіне сай рәсімдеу

№	Кирилл қарпімен берілуі	Латын қарпімен берілуі
1	<b>АЙҚОНЫС</b> – көл, Қостанай обл.	<b>AIKONIS</b> – köl, Kostanay obl.
2	<b>АРАЛСОР</b> – көл, Қостанай обл.	<b>ARALSOR</b> - köl, Kostanay obl.
3	<b>АЙДАРЛЫ</b> – қыстау, Жамбыл обл.	<b>AYDARLI</b> – kıstau, Jambıl obl.

**Кесте – 2.** Антропонимдерді қазақ-латын қарпіне сай рәсімдеу

№	Кирилл қарпімен берілуі	Латын қарпімен берілуі
1	<b>МӨЛДІР</b>	<b>MÖLDİR</b>
2	<b>АЙНҰР</b>	<b>AYNUR</b>
3	<b>ӘЙГЕРІМ</b>	<b>ӘİGERİM</b>

**Әдебиет:**

1. Әбдіғазиев. Шәкәрім Құайбердиев. Алматы, 1989
2. Б.Әбдіғазиев. Шәкәрім шындығы. «Зерде», №11, 1989
3. К.Жекеева. Пушкин және Шәкәрім. 1991, 1992
4. Г.Берікболова. Шәкәрім сөз шеберлігі. Қазақстан мектебі, 1992, №11
5. С.Талжанов. Көркем аударма туралы, Алматы, 1995